Бекітемін:
«Еркіндік ЖББМ»КММ-нің
директоры ______ Амирова А.А
«__16__» ___09___ 2024жыл

**Арнайы педагогтың жеке сабақтарының І тоқсанға жасаған күнтізбелік-тақырыптық жоспары**
**5 сынып оқушысы Жақсылық Балжан**

**Түсінік хат**

Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралыжаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 № 365 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығына сүйенді.

КТЖ әзірлеуде 2023-2024 оқу жылында Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты ескерілді.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды жалпы білім беру ұйымына қосу мүмкіндіктері (түрлері) білім беру жүйесінің қолданыстағы нормативтік құжаттарымен бекітілген. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілі қағидаларының18-тармағына бекітілген. Ата-аналарының немесе өзгеде заңды өкілдердің мүдделерін ескере отырып, жергілікті білім беру басқару органдарымен келісім бойынша білім беру ұйымдарына ерекше білім алуды қажет ететін, оның ішінде оқу бағдарламасын меңгеруде қиналатын (үлгерімі төмен) оқушылар мен қалыпты оқушылардың бірлесіп оқытылуы тиіс. Инклюзивтік және арнайы сыныптардағы даму мүмкінділігі шектеулі барлық білім алушыларға арналған түзету сабақтарын арнайы педагогтар (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед) жүзеге асырады**. Жалпы сыныпта отыратын ЕББҚ балалар бейімделген жалпы білім немесе жеке оқу бағдарламалар бойынша білім алады.**

Сабақ оқу бағдарламаларын меңгеруде қиындықтарды бар оқушылар үшін жалпы дамытушы және пәндік бағыттылық сынды білімдегі кемшіліктердің орнын толтыру бойынша жеке және топтық түзету сабақтар ұйымдастырылады.

Сабақ жалпы мектептің «Әліппе», «Математика», қажет болған жағдайда « Дүниетану», «Әдебиеттік оқу» пәндеріне сүйене отырып күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрылады.

Сабақтың мақсаты жалпы оқушылардың деңгейін арттыру, алдыңғы оқыту мен дамудағы кемшіліктердің орын толтыру, жеткіліксіз меңгерілген оқу білігі мен дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке жұмыс жасау, жаңа оқу материалдарын қабылдауға мақсатты бағытталған дайындық болып табылады. Бір оқушымен жүргізілетін сабақтың ұзақтылығы 45, сабаққа қажеттілігіне қарай аптасына 2 келеді.

**5-сынып, І-тоқсан**

**Барлығы: 12 сағат, аптасына: 2 сағат.**

| № | Бөлім/ Ауыспалы тақырыптар | Сабақтың тақырыбы | Оқу мақсаттары | Сағат саны | Мерзімі | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер/ Тыңдалым және айтылым | Біртаңбалы сандардың құрамы/ Сөйлеу. Сөйлем. | 1.1.1.2біртаңбалы сандарды және 10 санын оқу, жазу және салыстыру;<br>1.1.1.3біртаңбалы сандардың құрамын анықтау<br>1.1.1.1сөйлеу (мәтін), сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну; | 2 | 17.09<br>19.09 | |
| 2 | Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу/ Тыңдалым және айтылым | Ұзын, қысқа, кең, тар ұғымдары / Сөйлеу. Сөйлем. | 1.3.2.4 геометриялық фигуралар арасындағы негізгі қатынастарды анықтау (үлкен-кіші, жоғары-төмен, кең-тар, жуан-жіңішке, қалың-жұқа)<br>1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу<br>1.1.8.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту. | 2 | 24.09<br>26.09 | |
| 3 | Сандармен амалдар орындау/ Оқуға дайындық | Бір таңбалы сандарды ондықтан аттамай қосу/<br>Сөз. Мен әдепті баламын | 1.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиындардың бірігуі, азайтуды жиынның бөлігін ажыратып алу ретінде түсіну;<br>1.1.2.5 ондықтан аттамай бір таңбалы сандарды ауызша қосу және азайтуды орындау;<br>1.2.9.1 дауысты дыбыстардың буын құрайтынын білу, буын санын анықтау | 2 | 11.10<br>03.10 | |
| 4 | Нүктелер координаттары және қозғалыс | Фигуралар. Нүкте. Сызықтар /Дыбыс. | 1.3.3.1 сан сәулесінде белгіленген нүктелердің бір-біріне қатысты орналасуын анықтау;<br>1.2.8.1 дыбыстың таңбасы – әріпті тану, дыбыс пен | 2 | 08.10 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бағыты/Оқуға дайындық | Ауылдағы дыбыстар | әріпті бір-бірінен ажырату;<br>1.2.1.2оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; | | 10.10 | |
| 5 | Математикалық тіл/Оқуға дайындық | Қосу және азайту/ Дыбыс.Сөз | 1.5.2.1 цифрды саннан ажырату, көрнекі түрде бір таңбалы сандарды түрлі тәсілдермен: нүктелер жиынтығымен, таяқшалармен және сан сәулесінде көрсету;<br>1.5.2.3 сандардың қосындысы мен айырмасын/сандарды салыстыру (артық/кем), көршілес сандарды, сандық аралықтарды, сандар қатарын көрсету үшін сан сәулесін қолдану;<br>1.2.8.1 дыбыстың таңбасы – әріпті тану, дыбыс пен әріпті бір- бірінен ажырату; Аа, Оо, Лл, Тт, Мм, Пп, Нн, Рр, Уу, Ғғ, Сс, Йй дыбысы мен әріпін меңгеру | 2 | 15.10<br>17.10 | |
| 6 | Математикалық тіл/Оқуға дайындық | Қосу және азайту/ Дыбыс. Буын. Сөз. | 1.5.2.2 «+», «-», «=», «≠», «>», «<» таңбаларын қолдану;<br>1.5.2.4 қосу мен азайту амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану<br>1.2.8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну; | 2 | 22.10<br>24.10 | |

**Арнайы педагог:Айнекбаева А.К.**